

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті

Заң факультеті

Кеден, қаржы құқығы және экологиялық құқық кафедрасы

ҚОРЫТЫНДЫ ЕМТИХАН БАҒДАРЛАМАСЫ

Банк құқығы

«6B04205 Құқықтану» білім беру бағдарламасы

4 курс 7 семестр, 3 курс 5 семестр, 5 кредит

АЛМАТЫ, 2024

Пәннің қорытынды емтихан бағдарламасын құрастырған – Халықаралық құқық магистрі Абдрахманов А.Н..

6B04205 - «Құқықтану» білім беру бағдарламасы негізінде жасалынды.

Кеден, қаржы және экологиялық құқық кафедрасының мәжілісінде қаралып ұсынылды. №19 хаттама «21» мамыр 2024 ж.

Кафедра меңгерушісі, _____ з.ғ.д., профессор Куаналиева Г.А.

Білім беру және оқыту сапасы бойынша академиялық комитетпен мақұлданды.

№10 хаттама «20» маусым 2024 ж.

Төрайымы _____ А.А. Урисбаева

Факультеттің Ғылыми кеңесінде ұсынылды.

№11 хаттама «25» маусым 2024 ж.

Ғалым хатшы _____ Г.М. Атаханова

Кіріспе

Емтихан өткізу ережелері

«Құқықтану» мамандығы бойынша бакалавриаттың білім алу бағдарламасын игеру ҚР Мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандартына және академиялық саясатқа сәйкес, пәнді оқып игеру емтиханды тапсырудан тұратын қорытынды бақылаумен аяқталады. . Емтихан- қорытынды бақылауға бакалавриаттың оқу бағдарламалары мен оқу жұмыс жоспарына сәйкес, пән бойынша білім алу процесін аяқтап тиісті балл жинаған студенттер ғана жіберіледі. Емтихан академиялық күнтізбеде және оқу жұмыс жоспарында көрсетілген мерзімдерде өткізіледі.

Қанағаттанарлықсыз баға алған студенттерге осы кезеңдегі қорытынды бақылауды қайта тапсыруға тек ақылы түрде кредит төлеп, қайта оқу арқылы рұқсат етіледі. Апелляция беру қарастырылған. Емтихан нәтижесі бойынша қанағаттанарлықсыз баға алған студент бұйрығымен қайтадан оқуға тіркеледі, егер емтиханнан 25 балл алса онда қайта тапсыру FX қайта тапсырылады. Қанағаттанарлықсыз баға алғаннан кейінгі берілген денсаулық жағдайына байланысты құжаттар қарастырылмайды.

Бағаны көтермелеу мақсатында емтиханды қайта тапсыруға жол берілмейді.

Емтихан сұрақтары тексерістен өтіп бекітіледі.

Емтихан тапсыру бойынша нұсқаулық:

- 1.Пән бойынша қорытынды бақылау – жазбаша түрде өткізіледі.
2. **Маңызды** – емтихан міндетті түрде алдын ала бекітілген кестеге сәйкес жүргізілед, ол туралы алдын ала оқытушылар мен студенттерге мәлім болуы керек.
- 3.Аттестациялық ведомостьқа қорытында баға тест аяқталғаннан кейін автоматты түрде түседі:
 - 48 сағат ішінде бекітілуге жатады Онлайн прокторинг режимі бойынша тексеру жүргізу барысында балл қою уақыты ұзартылуы мүмкін.
- 4.Тестің түрі- көптік таңдау, 1 дұрыс жауаппен
5. Univer АЖ тест сұрақтарының саны – 40 сұрақтан келеді. 1 мүмкіндік беріледі. Тестің өту уақыты- 90 минут.
6. Univer АЖ тест сұрақтары- автоматты түрде генерацияланады
- 7.Univer АЖ тест сұрақтарын дұрыс жауаптың кілттері арқылы автоматты түрде тексереді
- 8.Студент емтиханға кіруге 30 минут бұрын дайындалуы керек. Ол прокторингтің талабы.
9. Егер студент тест өту тәртібін бұзған болса, онда алған бағасы жойылуға жатады
10. Студент емтиханның өтуіне байланысты қосымша нұсқаулықтар мен ережелерді мына сілтемелер арқылы қарай алады:

11. Бағалау саясаты

Критериалды бағалау: дескрипторларға сәйкес оқыту нәтижелерін бағалау, аралық бақылау мен емтихандарда құзыреттіліктің (мақсатпен көрсетілген оқыту нәтижелерінің) қалыптасуын тексеру.

Жиынтық бағалау: аудиторияда жұмыс белсенділігін және қатысуын бағалау; орындалған тапсырманы, СӨЖ-ді (жоба / кейс / бағдарлама/...) бағалау. Қорытынды бағаны есептеу формуласы ұсынылады.

Пән бойынша қорытынды баға келесі формула бойынша есептеледі:
$$\frac{PK1+MT+PK2}{3} \cdot 0,6 + ИК \cdot 0,4$$
. Мұнда АБ – аралық бақылау; МТ – аралық емтихан (мидтерм); ҚБ – қорытынды бақылау (емтихан).

Әріптік жүйе бойынша баға	Сандық эквивалент	Баллдары (%-дық көрсеткіші)	Дәстүрлі жүйе бойынша баға
A	4,0	95-100	Өте жақсы
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	Жақсы
B	3,0	80-84	
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	Қанағаттанарлық
C	2,0	65-69	
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D-	1,0	50-54	Қанағаттанарлықсыз
FX	0,5	25-49	
F	0	0-24	

Қазақстан Республикасының Банк құқығы - 5 кредит. Емтихан сұрақтары қамтылатын тақырыптар

1 Тақырып. Банк құқығының пәні, қағидалары және жүйесі

Банк құқығының түсінігі, пәні мен реттеу тәсілдері. Банк құқығының жүйесі: жалпы және ерекше. Банк құқығының қағидалары жалпы және арнайы. Банктік қызметтің: түсінігі, негізгі функциялары, міндеттері, мақсаты, құқықтық негіздері. Мемлекеттің банктік қызметі – мақсат-бағдарлы, жоспарлы қызметі. Банктің қызметтің экономикалық құқықтық ұйымдастырушылық формалары. Банктік қызметінің түрлері, принциптері, негізгі әдістері, банктік қызметті жүзеге асырушы субъектілер, құқықтық нысандары. Мемлекеттің банк қызметінің саласында заңдылықты қамтамасыз ету тәсілдері.

2 Тақырып. Қазақстан Республикасының банк жүйесі

Банк жүйесінің экономикалық – құқықтық мазмұны және оның қызмет етуі. Банктік қатынастар және банк аралық байланыстары, банк жүйесінің қызмет ету принциптері. Унитарлы және федеральды мемлекеттердегі банк жүйесінің түрлері мен деңгейлері, бірінші және екінші деңгейдегі банктерінің құқықтық жағдайы. Банк жүйесін басқару деңгейлері, банк жүйесін басқару аппаратының сипаттамасы. Басқару объектілері мен субъектілері. Бірінші және екінші деңгейдегі банктердің ара-қатынасын құқықтық реттеу.

3 Тақырып. Банктік құқық саласы ретінде, пәні, әдісі, жүйесі. Банктік құқық ғылымы – Қазақстанның заңи ғылымдарының құрамдас бөлігі ретінде

Банктік құқықтың пәні: түсінігі, маңызы. Банктік құқықтың қазіргі кезеңде құқық саласы ретінде дамуының тенденциялары және ерекшеліктері. Банктік құқық банктік қызметті іске асырудың нысаны және әдісі ретінде. Банктік -құқықты реттеудің негізгі мақсаттары мен міндеттері. Банктік құқықтың Қазақстанның құқық жүйесінде алатын орны және оның шектес жатқан конституциялық құқық, әкімшілік құқық, азаматтық құқық, қаржылық құқық салаларымен өзара байланысы, арақатынасы, сондай-ақ олардан ерекшеленетін айырмашылығы. Банктік құқық кешенді құқық саласы ретіндегі құқық жүйесіндегі алатын орны.

4 Тақырып. Банктік құқықтың қайнар көздері

Банктердің қызметі Қазақстан Республикасының Конституциясымен және заңдарымен, Қазақстан Республикасы жасасқан халықаралық шарттармен сондай-ақ өздерінің құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша Қазақстан Республикасының заң құжаттарымен Президенттің Жарлығы негізінде және оларды орындау үшін шығарылған уәкілетті органның, Ұлттық банктің нормативтік құқықтық актілері банкінің қайнар көзі ретінде.

5 Тақырып. Банктік құқықтық нормалар және банктік құқықтық қатынастар

Банктік құқықтық нормалар: түсінігі, өздеріне тән белгілері мен ерекшеліктері, құрылымы. Банктік құқықтық нормалардың уақыт пен кеңістікте, аумақтарда, тұлғалар шеңберінде іске асырылуының маңызы және шегі. Банктік құқықтық нормалардың негізгі түрлері, топтастырылуы. Қорғаушы және реттеуші бюджеттік құқықтық нормалар. Реттеуші банктік құқықтық нормалардың негізгі мақсаттары. Баламалы және факультативтік банктік құқықтық нормалар. Материалдық және ұйымдастырушы, императивтік және диспозитивтік банктік құқықтық нормалар.

6 Тақырып. Банкілік құқықта қолданылатын құқықтық реттеу әдістері. Банкілік құқықтың жүйесі

Банкілік құқықта қолданылатын құқықтық реттеу әдістері: түсінігі, маңызы, принциптері, элементтері, құрылымы, компоненттері.

7 Тақырып. Банк саласындағы мемлекеттік басқару

Банк саласындағы мемлекеттік реттеу құқықтық механизмінің түсінігі. Банк құқығы қатынастарын мемлекеттік реттеу органдарының жүйесі: жалпы және арнайы құзыретті органдар. Жалпы құзыретті органдар. Банк қатынастарын реттеуде Үкіметтің құзыреті. Банктің құқықтық қатынастарын реттеуде жергілікті атқарушы және өкілді органдардың құзыреті. Арнайы құзыретті органдар. Банк жүйесінің қатынастарын реттеу саласында арнайы орталық құзыретті органның құзыреті. Банк қатынастарын реттеу саласында өзге де министрліктердің құзыреті.

8 Тақырып. ҚР Ұлттық Банкінің құқықтық жағдайы

Банкінің құқықтық жағдайын реттеу саласындағы мемлекеттік органдардың функцияларының жүйесі. ҚР Ұлттық Банкінің түсінігі, оның функциясы, міндеттері, және оның мазмұны.

9 Тақырып. Банктік бақылауды құқықтық реттеу.

Банктік бақылауды құқықтық реттеудің механизмі. Банктік бақылауды жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың рөлі мен сипаты. Банктік бақылауды құқықтық реттеудің функциялары мен міндеттері.

10 Тақырып. ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің құқықтық жағдайы.

ҚР Ұлттық Банктің қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеудің құқықтық негіздері. ҚР Үкіметінің бақылау сипатындағы ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің құқықтық жағдайы.

11 Тақырып. Коммерциялық банктердің қызметтерін құқықтық реттеу.

ҚР Үкіметінің коммерциялық банктердің қызметтерін құқықтық реттеудегі рөлі. ҚР Банк туралы Заңнамасына сәйкес коммерциялық банктердің қызметіне қадағалау жүргізу. Коммерциялық банктердің қызметтерін тоқтату.

12 Тақырып. Банкілік операциялар, түсінігі және түрлері.

Банкілік операцияларды жүзеге асыру үшін берілетін арнайы лицензиялар. Банкілік операциялардың түрлерінің сипаты. Банкілік операцияларды жасаудың құқықтық жағдайы.

13 Тақырып. Банкілік несиелеудің құқықтық негіздері.

Банкілік несиелеудің құқықтық түсінігі. Банктік несиелеудің басқа қызметтерден айрмашылығы.

14 Тақырып. Банкілік шарттардың түсінігі және түрлері.

Банкілік шарттардың құқықтық табиғаты. Банкілік шарттарды жасасу, өзгерту, бұзу тоқтату негіздері. Банкілік шарттардың маңыздылығы.

15 Тақырып. Ислам банкингі.

Ислам банкингінің қағидаттары мен мақсаттары. Ислам банкингінің Қазақстан Республикасында құқықтық жағдайы. Ислам банкингінің құқықтық мәртебесін айқындау.

Әдебиеттер:

1. Э.М. Омурчиева, Е.Б. Осипов. Қазақстан Республикасының банк құқығы: Оқу құралы. - Алматы: Бастау, 2009. - 252 б. - ISBN 9965-814-89-9.
2. Қуаналиева, Г.А. Қаржы құқығы [Мәтін]: оқу құралы / Г.А. Қуаналиева; әл-Фараби атын. ҚазҰУ. - Алматы: Қазақ университеті, 2017.- 162 б.
3. Финансовое право Республики Казахстан [Текст]: учеб. пособие / Н.Б.Мухитдинов, Г.А.Куаналиева, А.Е.Жатқанбаева [и др.]; КазНУ им. аль-Фараби. - Алматы: Қазақ университеті, 2018.- 270 с.

Пайдалануға ұсынылған нормативтік құқықтық актілер:

1. ҚР Банк туралы заңнамасы

Интернет-ресурстар: пән бойынша қосымша оқу материалы, сондай-ақ деректер базалар жүйесі үшін құжаттама, үй тапсырмасын, жобаларды орындау үшін пайдаланылатын, univer.kaznu.kz. сайтының бетіндегі ПОӘК бөлімінде қол жетімді болады. <http://www.Adilet.zan.kz>, <http://almaty-otary.kz/vystuplenie--a.-zhanabilovoy---pred>, <http://www.gov.ru/node/254>